

## СӨЗ МАҒЫНАСЫ МЕН БІЛІМ ТҮРЛЕРІ АРАҚАТЫСЫНЫҢ ПСИХОЛИНГВОКOGNITIVTІК АСПЕКТІДЕ ҚАРАСТАРЫЛУЫ ЖАЙЫНДА

Когнитивтік лингвистика — кейінгі жылдары қарқынды дамып келе жатқан жаңа когнитивтік ғылымдардың бірі. Оның зерттеу нысанына білім мен танымның табиғаты мен мәнділігі; адамның болмысты қабылдауының және танымдық қызметінің нәтижелері жатады. Олар ұғынылған жөне белгілі бір жүйеге түсірілген **ақпараттар** түрінде жинақталады. Оның негізгі бастапқы ұғымдарына мыналар жатқызылады:

**Таным** дегеніміз — болмыстың ойлау жүйесінде бейнеленуі мен қайта еске түсірілу процесі. Оның нәтижесінде **білімдер** жинақталады. Бұл — ақпаратты қабылдау, түсіну, елеестету, репрезентациялау және туыннату жүйелерінің өзара әрекеттестігі болып табылады.

**Ақпарат** дегеніміз — фактілер мен оқиғалар, процестер туралы хабарламалар. Адамға әр түрлі арналар арқылы келетін және оның санасында

өндөліп, сұрыпталатын, кодталатын мәліметтер, деректер, білімдер мен коммуникация процесінде тілдік құрылымдар арқылы ұсынылып жеткізілетін білімдерді де ақпарат деп танимыз.

**Білім** дегеніміз — болмыстың объективті қасиеттері мен белгілерінің адам санасында бейнеленуі, оның нәтижелерінің когнитивті ұйымдастырылуының базалық формасы. **Сана** — адамдардың күнделікті өмірі мен тіршілік өрекеттін реттейтін маңызды фактор.

Басқаша айтқанда, білім — жадтың бір бөлігі, яғни санада сақталатын мәліметтер.

Білім — индукция, дедукция, ойтұжырым, пайымдау, ассоциация сияқты ойлау процестері барысында және объектілерді салыстыру (тенеу), идентификация (ұқсастыру), танып білу, категоризация (категорияларға біріктіру) және классификациялау (топтастыру) сияқты шаралардың

нәтижесінде алынатын деректер; өр түрлі когнитивтік құрылымдармен (фрейм, скрипт, сценарий, пропозиция, образдар т.б.) репрезентацияланған деректер.

Адамның тіршілік әрекетіндегі маныздылығы мен өзектілігінің арқасында **білім мәдениеттің элементіне** айналады. Сондай-ақ білім – мәдениеттің жемісі де болады. Өйткені адам өзінен бұрынғы дәуірлерде қалыптасқан ойлау стереотиптері мен нормаларын, ережелерді менгеру үшін өзінің білімдерін өзі өмір сүріп отырған этно-мәдени қауымдастыққа тән ақырат тарихи тәжірибеге салады. Мұндай ережелерде, ойлау нормалары мен стереотиптерде қоршаған әлемді игеру мен ұғыну тәжірибесі қатталған белгілі бір *тіл* түрінде ұйымдастырылған белгілі бір **мәдениет** кодталған болады.

Мәдениет тілінің формасы мен білімдер формасы біргіп **синергетикалық тұластықты** құрайды. Ол тарихи тұрғыдан өзгермелі, құбылмалы болады, яғни тарихи дамудың өрбір кезеңінде ол **тұластық мәні** мен табигаты жаңаша сипатталып, жаңа конфигурацияда көрінеді, бетбедерін өзертеп, түрленіп отырады. Мәселен, *практикалық сананың ішкі ұйымдастырылу* формалары мифопоэтикалық сана құрылымынан едөуір ерекшеленеді. Осыған сәйкес білім: а) мәдени сананың архаикалық немесе қазіргі заманғы жүйесіне енгізіледі; ә) қоғамдық өмірдің өр түрлі саласында сан алуан қызметтер атқарады [1, 181].

Лингвокогнитивтік зерттеуде білімнің орны ерекше, ол мәдениет тілінде айқындалады. Өйткені адамның саналы іс-әрекетін ұйымдастыратын коммуникативтік құндылықтар жүйелерінде **білім жетекші** роль атқарады. Лингвомәдениеттанымдық зерттеулердің нысаны – вербалданған білімнің прагматикалық типі болады.

Білім үш түрлі жолмен зерттеледі: **құрылымдық, формалды-логикалық** және **прагматикалық**. Бұл типтер бір-бірін толықтыра отырып, адамның тіршілік әрекеті контекстінде айрықша мәнге ие болады. Білімнің өр алуан модельдерін интеграциялау үшін әларды түсінуде бір ортақ негізде болуы тиіс. Мұндай негізде ретінде **білімді мәдениет** феномені ретінде түсінуді алуға болады. Бұл тұрғыдан алғанда білім тарихи қалыптасқан этномәдени сана жүйесінде қарастырылады, ол сана қандай да бір құндылықтық-мәндер құрылымы көмегімен реттелген болады. Танымдық қызметті атқарушы субъект болып табылатын адамның тарихи-мәдени статусына (орны, дәрежесі, мәр-

тебесі) оның алатын **білімі** тәуелді, байланысты болады. Осымен байланысты когнитивтік құрылымдар да нақты-тарихи сипаттағы процесс ретінде танылады (яғни ол бір рет беріліп, өмір бойы сол күйі өзгермей тұратын білім емес!).

Мәдениет феномені ретінде когнитивтік құрылымдар синергетикалық зандылықтар бойынша дамиды. Олар, біріншіден, дүниені танудың жалпы процестерімен, екіншіден, болмысты ұғыну мен ұйымдастыруның бұрыннан келе жатқан этномәдени сана жүйесінде қалыптасқан модельдерімен байланысты болады. Қоршаған дүниені ұғынудың мұндай модельдеріне, ең алдымен, білімді категориялық-семантикалық реттеу құрылымдарын жатқызамыз. Ол білімдер көністікті, уақытты, қозғалысты, себеп-салдарлық байланыстарды т.б. қабылдау мен түсіну ерекшеліктерін көрсетеді. Әрбір мәдени-тарихи парадигмада өзіне тән ұғым-түсініктері болады *Бул дүниеде ең қажетті не? Ең ақырат, шынайы нәрсе не? Нені кездейсок, ойдан шыгарылған, қияладагы нәрсе деуге болады?* деген сияқты түсініктерге қатысты.

«**Білім**» категориясының лингвомәдениеттаннымдық құндылығы оның адамзаттың өдет-ғұрынғарға, дәстүр мен мәдениетке сәйкес ұйымдастырылған субъективті формаларымен (В. фон Гумбольдт) анықталатындығынан көрінеді.

Қандай да бір мәдени-тарихи парадигманың ішінде **білімді бағалаудың өзіндік критерийлері** жасалады, білімді біздің санамызда және коммуникативтік-прагматикалық құрылыштарда көрсетудің өзіндік ережелері мен семиотикалық механизмдері қалыптасады.

Белгілі бір тілдік форманың адамның сыртқы және ішкі дүниесін білдіру үшін туындастылған бастапқы мәндік модельнің белгілі бір дәрежеде дұрыс түсіну үшін, сол этномәдени сананың мәдени-тарихи парадигмасына немесе құндылықтық-мәндер құрылымына сәйкес **білім құрылымдарын** анықтау қажет. Сондықтан **мәдени білім іс-әрекеттің** өзара байланысты үш түрінен қалыптасады. Олар: 1) сыртқы практикалық іс-әрекет; 2) таным процестері; 3) коммуникация [1, 183].

Жалпы білім қайшылықтарға толы феномен. Оны ақырат болмысқа үқсата алмаймыз, өйткені өр түрлі тарихи дәуірлерде оның мазмұны өзгеріп отырады. Мысалы, алғашқы қауымдық құрылыш кезіндегі білім мен қазіргі білімді салыстыра алмайсыз. Мәдениеттің жалпыға бірдей құндылықтары мен мәндік стандарттары болады. Көдүлгі (карапайым) білім деп саналатын практикан ай-

ырмасы мәдени феномен ретінде білім ақиқат болмысқа сәйкестігі бойынша емес, жалпы мәдени құңдылықтар мен мәндік стандарттарға сәйкестігі бойынша межеленеді. Осымен байланысты акпараттың екі түрін бөліп көрсегу қажет: а) белгілі бір дереккөзден алынатын барлық акпараттардың жиынтығы (бүкіл акпарат ғылыми әдебиетте аддитивті акпарат деп аталады); ә) адресатка жеткізу үшін немесе дереккөздерден алу үшін сұрыпталып, екшеліп алынатын ақиқат (селективті акпарат деп аталады).

*Селективті* акпарат этномәдени қауымдастық мүшесі (адам) үшін аса маңызды деген хабарламалардан тұрады. Эрбір мәдени-тариhi кеңістік контекстінде алынған білімге белгілі бір жүйелілік тән болады. Сол жүйеліліктің арқасында ол (білім) болмысқа ішінара емес, толығымен, тұтастай қарама қарсы койылады. Мұндай білім этномәдени сананың дискурсивтік формалары контекстінде ғана дұрыс ұғынылады. Мұның себептерін былайша көрсетуге болады. Дискурсивтік жасалым, яғни «өмірге ендірілген мәтін» ғалам бейнесінің қандай да бір үзігін екінші рет интерпретациялай және модельдей отырып, екінші және жанама, туынды номинация (аталым) таңбаларын туындағады. Өйткені ол мәтін үзікпен (фрагмент) өзінің жекелеген бөліктері арқылы емес, біртұтас күйінде (тұтас) байланысады. Сондықтан да мәтіннен бөлініп (бөлшектеліп) алынған тұрақты (прецедентті) құрылымдардың өзі ең сығымдалған, кішірейтілген күйінде тұрып-ак дискурсивтік әрекет жемісі болып табылатын мәтіндерде қалыптасқан (берілген) құңдылықты бағдарлы мәндерді жеткізе, таныта алады. Бұған мысал ретінде діни азыз-әңгімелерге байланысты шыққан метафоралар мен идиомаларды атап болады (*Жүсіптің сұлулығы, Сүлейменнің жүзігі* т.б.).

Сонымен, жоғарыда «білім» туралы айтылғандарды қорыта келе мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- Білім – толыққанды семантикалық ақиқат (реальность). Мәдениет контекстінде алынған білім дәстүрлі дүниетанымға тән құңдылықтар мен мәндер модельдері бойынша реттеліп қолданылады.

- Білім жүйеленген мәліметтер жиынтығы, ол санада жадтың бір бөлігі ретінде сақталып жинаяталауды.

- Білімнің екі түрі болады: а) тілдік, ә) бейтілдік. *Тілдік білімге* тіл жүйесін – граммати-

ка, лексика, тілді колдануды, тілдік қарым-қатынас негіздерін білу жатқызылса, *бейтілдік білімге*: ғалам туралы, ондағы оқиғалар мен процестер туралы, ситуацияны, адресатты (оның мақсаттарын, жоспарлары мен ниетін, коршаған ортасын т.б.) білу жатқызылады. Ғылыми әдебиетте бейтілдік білімді ғалам туралы немесе энциклопедиялық білімдер деп атау қалыптасқан.

- Тіл – білімдердің «өмір сұруінін», колданылуының аса маңызды тәсілі. Білім, ең алдымен, тілдік семантикада кодталады.

Тілдік және энциклопедиялық білімдердің арақатынасы соңғы жылдары кеңінен қарастырылып жүрген проблемалар қатарына жатады. Бұл мәселеге қатысты белгілі психолингвист А.А.Залевскаяның көзкарасын дұрыс деп танимыз: «Тілдік және энциклопедиялық білімдердің үнемі өзара әрекеттестікте болатындығы – күмән келтіруге болмайтын ақиқат, ал оларды қарама-қарсы қою немесе бірін екіншісінен артық деп таныш, сондай артықшылықтарды табуға тырысу дұрыс. Себебі, білімнің бұл түрлері өзара то-лықтырғыштық принципі бойынша колданылады» [2, 166]. Бұл тұста өсіреле тілдік білімнің негізгі бірлігі, өзегі деуге болатын сөз мағынасы мен ғалам (әлем) туралы білімнің арақатынасы айрықша назар аударуды қажет етеді.

Ғалам бейнесі адамның тілдік санасында белгілі бір дәрежеде сөз арқылы қалыптасады және тілдік коммуникация барысында, сондай-ақ сөз арқылы ойлау әрекеті кезінде қандай да бір оқиға – өзінің бүкіл белгілерімен, мән-маңыздылығымен, байланыс қатынастарымен қоса тұлғага тән индивидуалды бейнесінде көрініс табады.

Қарым-қатынас жасау барысында менгерілетін сөздің тіл үстанушыларға (түгелдей) түсінікті болатын **жалпы жүйелік мағынасы** болады. Ол тіл үстанушылардың әрбірінде тілді менгеру дәрежесіне қарай мағыналардың психологиялық құрылымының жүйелілігі (системность) қалыптасады. Ол жүйелілік әр түрлі ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен өзгеріп, қайта құрылышты отырады. Осы **жалпы жүйелік мағына** белгілі бір этникалық немесе басқадай топ мүшелерінен тұратын тілдік ұжымда өбден қалыптасып орнықкан **ұжымдық білімде** өмір сүреді. Сөздердің жалпы жүйелік мағынасында индивидтегі тілдің лексика-семантикалық жүйесіндегі нормативтік суреттеулермен салыстырғанда белгілі бір дәрежеде ауытқулар болады. Соған қарамастан оны

(жалпы жүйелік мағынаны) білу қарым-қатынас барысында өзара түсіністікке қол жеткізу үшін жеткілікті болады. Өйткені осы мағына сөздің психологиялық құрылымында көрініс табатын перцептивтік, когнитивтік және аффективтік (эмоционалдық-бағалау) процестердің бүкіл нәтиже-өнімдерін түгел қамти отырып, ғалам бейнесіне жол ашады [2, 167].

Сонымен жеке тұлға қабылданап, түсініп өндеген білімдерге сүйенетін, бірақ тілдік ұжымда қалыптасқан нормалар жүйесіне сәйкестендірілетін, тіл ұстанушы өлеумет (халық, топ) тарапынан бақыланып, реттеліп отыратын сөз ма-

ғынасының психологиялық құрылымы тілдік және энциклопедиялық білімдер желісінде орын алатын көп қырлы, көп жакты және көп сатылы байланыстардың, яғни қорытынды білімдердің есебінен толықтырылады.

Ғылыми өдебиетте білімнің қорытынды білім, аялық білім сияқты түрлері кеңінен қолданылады.

#### ӘДЕБІЕТ

1. Алефиренко Н.Ф. Современные проблемы науки о языке. М., 2005.
2. Залевская А.А. Введение в психолингвистику. М., 1999.